

**Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті
Аппаратының Шаруашылық басқармасын құру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 12 тамыз 1992 ж. N 670. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.06.30. N 993 қаулысымен. ~P000993

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты Іс басқармасының таратылған Өндірістік бірлестігі негізінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы құрылсын.

2. Шаруашылық басқармасына Аппарат қызметкерлеріне, Үкімет мүшелеріне, облыстардың, Алматы мен Ленинск қалаларының әкімдеріне және республикалық ұйымдардың басшыларына тұрғын үй-тұрмыстық және көлік қызметін көрсету, сондай-ақ ресми делегациялар мен шараларды қамту жүктелсін.

3. Шаруашылық басқармасына қарасты кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесі N I қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасының орталық аппараты республикалық бюджетте мемлекеттік басқару органдарын ұстауға көзделген қаржының есебінен қаржыландырылатын болып белгіленсін.

5. Шаруашылық басқармасының орталық аппараты қызметкерлерінің шекті саны - 57 адам болып белгіленсін.

6. Шаруашылық басқармасының орталық аппараты қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының кестесі N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін, оларға Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты қызметкерлері үшін көзделген еңбекке ақы төлеудің басқа да шарттары қолданылсын.

7. Шаруашылық басқармасына. Бастықтың 4 орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасарын ұстауға рұқсат етілсін.

8. Шаруашылық басқармасы орталық аппараты үшін 8 жеңіл қызмет автомобиліне лимит белгіленсін.

9. Шаруашылық басқармасының бастығына Басқарманың құрылымы мен штат кестесін бекіту хұқы берілсін.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Шаруашылық басқармасының аппаратын ұстау үшін қажетті қаржыны қарастыратын болсын.

11. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ ССР Министрлер Советі Іс басқармасының Шаруашылық басқармасын тарату және Қазақ ССР Министрлер Советі Іс басқармасы жанында Өндірістік бірлестік құру туралы" 1990 жылдың 23 ақпандағы N 69 және "Қазақ ССР Министрлер Советі Іс басқармасы жанындағы Өндірістік бірлестікті Қазақ ССР Президенті Аппаратының Іс басқармасының Өндірістік бірлестігі етіп қайта құру туралы" 1991 жылдың 13 ақпандағы N 100 қаулыларының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 12 тамыздағы
N 670 қаулысына
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер

Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасына қарасты
кәсіпорындар мен ұйымдардың

Тізімі

Құрылыс-монтаж басқармасы
Жөндеу-құрылыс басқармасы
Өндірістік база
N 1 автошаруашылығы

№ 2 автошаруашылығы
Материалдық-техникалық жабдықтау кәсіпорны
Мейманхана шаруашылығының кәсіпорны
"Алмалы" мейманханалар кешені
"Достық" мейманханасы /"Интеротель"/
Боровской орман шаруашылығы
Қарашеңгел меймаулаушаруашылығы
"Алатау" совхозы
"Панфилов" асыл тұқымды мал заводы
Ателье
Кинобейне қызмет көрсету дирекциясы
"Горное солнце" пионер лагері
№ 1, 212, 239 бала-бақшалары